



**FREEDOM
BROKER**

ҚБП

Бекітілген

«Фридом Финс» АҚ

Директорлар кеңесінің шешімімен

(2024 жылғы 12 шілдедегі

№07/12 хаттама)

2024 жылғы 12 шілдеден бастап

қолданысқа енгізілді

**Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға),
терроризмді қаржыландыруға және жаппай қырып-жою қаруын
таратуды қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жасау жөніндегі
САЯСАТ**

Алматы қ.

2024

Мазмұны

1-тарау. Жалпы ереже	3
2-тарау. Саясаттың негізгі мақсаттары, міндеттері мен қағидаттары	4
3-тарау. Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға), терроризмді қаржыландыруға және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жасау саласындағы ішкі бақылау	5
4-тарау. «Өз клиентіңді біл» саясаты	6
5-тарау. Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру (жылыстату), терроризмді қаржыландыру және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыру тәуекелін бағалау	7
6-тарау. Саясатты іске асыру кезінде Компания қызметкерлерінің жұмысын және жауапкершілігін ұйымдастыру	7
7-тарау. Қорытынды ереже	9

1-тарау. Жалпы ереже

1. Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға), терроризмді қаржыландыруға және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жасау жөніндегі саясат (бұдан әрі – Саясат) «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңының (бұдан әрі – КЖ/ТҚҚ туралы заң), «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға), терроризмді қаржыландыруға және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жасау мақсатында ішкі бақылау қағидаларына бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушылары және орталық депозитарий үшін ішкі бақылау қағидаларына қойылатын талаптарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 2020 жылғы 12 қазандағы № 96 қаулысының және Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға), терроризмді қаржыландыруға және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жасау саласындағы Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінің талаптарына сәйкес және қаржылық шараларды әзірлеу тобының ұсынымдарын (ФАТФ) ескере отырып әзірленді.

2. Саясаттың мақсаты «Фридом Финанс» акционерлік қоғамында (бұдан әрі – Компания) Компанияның, оның лауазымды адамдары мен қызметкерлерінің қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға), терроризмді қаржыландыруға және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жасау процестеріне тартылуын болдырмау/жол бермеу үшін іскерлік беделін қорғау және ішкі бақылау жүйесін құру болып табылады.

3. Саясаттың талаптарын Компанияның барлық қызметкері міндетті түрде сақтауы тиіс.

4. Компанияның құрылымдық бөлімшелерінің басшылары Саясатта баяндалған талаптарды орындамағаны, тиісінше орындамағаны үшін дербес жауапты болады.

5. Саясатта пайдаланылатын негізгі ұғымдар мен терминдер:

1) қалқа-банк – банк тіркелген мемлекетте (аумақта) шоғырландырылған қадағалауға жататын банктік холдингтің тікелей немесе жанама иелігінде болуын қоспағанда, банк ретінде тіркелген және (немесе) банктік қызметті жүзеге асыруға лицензия алған мемлекетте (аумақта) іс жүзіндегі қатысуы жоқ бейрезидент-банк;

2) жоғары басшылық – Компания Басқармасының Төрағасы және/немесе құқықтық және стратегия комплаенсы жөніндегі Басқарушы директор;

3) қылмыстық жолмен алынған кірістер – қылмыстық құқық бұзушылық жасау нәтижесінде алынған ақша және (немесе) өзге мүлік;

4) іскерлік қатынастар – Компанияның кәсіптік қызметті жүзеге асыруы барысында туындайтын клиенттермен қатынастар;

5) клиент – Компанияның көрсетілетін қызметтерін алатын жеке, заңды тұлға немесе заңды тұлға құрмай шетелдік құрылым;

6) қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру (жылыстату) – қылмыстық құқық бұзушылықтардан түскен табыстар болып табылатын мүлікті конверсиялау немесе аудару түрінде мәмілелер жасасу арқылы қылмыстық жолмен алынған ақшаны және (немесе) өзге мүлікті заңды айналымға тарту не мұндай мүлікті иелену және пайдалану, егер мұндай мүліктің қылмыстық құқық бұзушылықтардан түскен табыстар болып табылатыны белгілі болса, оның шынайы сипатын, көзін, орналасқан жерін, оған билік ету, оны ауыстыру тәсілін, мүлікке құқықтарды немесе оның тиесілігін жасыру немесе жасырып қалу, сол сияқты қылмыстық жолмен алынған ақшаны және (немесе) өзге мүлікті заңдастыруға делдалдық ету;

7) КЖ/ТҚ - қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру (жылыстату), терроризмді қаржыландыру және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыру;

8) Тізбелер – терроризмді және экстремизмді қаржыландырумен байланысты ұйымдар мен тұлғалардың тізбесі, террористік әрекетке қатысы бар тұлғалардың тізімі, жаппай қырып-

жою қаруын таратуды қаржыландырумен байланысты ұйымдар мен тұлғалардың тізбесі және уәкілетті органдар жасайтын өзге де тізбелер.

9) ақшамен және (немесе) өзге мүлікпен жасалатын күдікті операция (бұдан әрі – күдікті операция) – клиенттің операция жасау үшін пайдаланылатын ақша және (немесе) өзге мүлік қылмыстық әрекеттен түскен кіріс болып табылады деп не операцияның өзі қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) немесе терроризмді не өзге қылмыстық әрекетті қаржыландыруға бағытталған деп күдік туындататын операциясы (осындай операцияны жасауға ұмтылысты, жасалу процесіндегі операцияны немесе жасалған операцияны қоса алғанда);

10) КЖ/ТҚҚ – қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға), терроризмді қаржыландыруға және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жасау;

11) комплаенс-бақылау бөлімшесі – Компания қызметкерлерінің Қағидаларды және КЖ/ТҚҚ саласындағы қолданыстағы заңнаманы сақтауын күнделікті бақылауды жүзеге асыратын құрылымдық бөлімше;

12) Қағидалар – Компанияның Директорлар кеңесі бекітетін Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға), терроризмді қаржыландыруға және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жасау мақсатындағы ішкі бақылау қағидалары;

13) уәкілетті орган – қаржылық мониторингті жүзеге асыратын және КЖ/ТҚҚ туралы заңға сәйкес қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға), терроризмді қаржыландыруға және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жасау жөніндегі өзге де шараларды қабылдайтын мемлекеттік орган;

14) қаржылық мониторинг – КЖ/ТҚҚ туралы Заңға сәйкес уәкілетті орган және Компания жүзеге асыратын, ақшамен және (немесе) өзге мүлікпен операциялар туралы мәліметтер мен ақпаратты жинау, өңдеу, талдау және пайдалану жөніндегі шаралар жиынтығы;

15) терроризмді қаржыландыру – жеке тұлғаның не адамдар тобының не заңды тұлғаның іс-әрекетінің террористік сипатын не берілген мүліктің, көрсетілген ақпараттық, қаржылық және өзге де қызмет түрлерінің террористік іс-әрекетті жүзеге асыру не террористік топты, террористік ұйымды, заңсыз әскерилендірілген құралымды қамтамасыз ету үшін пайдаланылатынын көрінеу ұғынып жасаған адамның оларға ақшаны және (немесе) өзге де мүлікті, мүлікке құқықты немесе мүліктік сипаттағы пайданы беруі немесе жинауы, сондай-ақ сыйға тартуы, айырбастауы, қайырымалдық жасауы, қайырымдылық көмегі, ақпараттық және өзге де қызмет түрлерін көрсетуі не қаржылық қызметтер көрсетуі.

2-тарау. Саясаттың негізгі мақсаттары, міндеттері мен қағидаттары

6. Осы Саясаттың негізгі мақсаты - Компанияның және оның қызметкерлерінің КЖ/ТҚҚ жөніндегі қолданыстағы заңнаманың талаптарын сақтауын қамтамасыз ету және Компанияны, оның лауазымды адамдары мен қызметкерлерін КЖ/ТҚ процестеріне тартуға жол бермеу болып табылады.

7. Саясаттың негізгі қағидаттары:

1) жауапкершілігі: Компанияның барлық қызметкерін олардың атқаратын лауазымына қарамастан, өз құзыреті шеңберінде КЖ/ТҚҚ процестеріне тарту;

2) Компания қызметкерлерінің клиенттерге және басқа да тұлғаларға қаржылық мониторинг рәсімдерін жүргізуден жалтаруға бағытталған іс-әрекеттерде көмек көрсетуге жол бермеушілік;

3) тәуекелге негізделген тәсіл: клиенттермен, клиенттерге өнімдермен және (немесе) көрсетілетін қызметтермен, сондай-ақ олардың юрисдикциямен байланысты тәуекелді талдау негізінде тәуекелді бағалау және басқару.

4) конфиденциалдылық: клиенттердің деректерін қорғау және ақпаратты жинау, өңдеу және сақтау кезінде конфиденциалдылық талаптарын сақтау.

5) ынтымақтастық және өзара іс-қимыл: реттеушімен, уәкілетті органмен және басқа да мемлекеттік органдармен КЖ/ТҚҚ мәселелері бойынша белсенді өзара іс-қимыл.

8. Саясаттың негізгі міндеттері мыналар:

1) КЖ/ТҚҚ бойынша ішкі саясат пен рәсімдер құру және өзекті күйде қолдау;

2) КЖ/ТҚ-мен байланысты тәуекелді бағалаудың тиімді рәсімдерін қолдану, сондай-ақ оларды барынша азайту бойынша ұсыныстар әзірлеу;

3) клиенттерді идентификаттау және тексеру: клиенттерді (олардың өкілдерін) және бенефициарлық меншік иелерін идентификаттау және тиісті тексеру рәсімдерін әзірлеу және жүзеге асыру.

4) мониторинг және есептілік: Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген мәліметтер мен ақпаратты уәкілетті органға толық және уақтылы ұсынуды қамтамасыз ету.

5) қызметкерлерді оқыту: КЖ/ТҚҚ саласында Компания қызметкерлерін тұрақты оқыту және біліктілігін арттыру.

6) ішкі бақылау және аудит: КЖ/ТҚҚ шараларының тиімділігін бағалау және жақсарту бағыттарын анықтау мақсатында тұрақты тексерулер мен аудиттер жүргізу.

3-тарау. Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға), терроризмді қаржыландыруға және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жасау саласындағы ішкі бақылау

9. Компанияда КЖ/ТҚ тәуекелін басқару және КЖ/ТҚҚ мақсаттары үшін ішкі бақылауды жүзеге асыру тәртібін регламенттейтін ішкі құжаттар әзірленген және қолданылады, ол мыналарды қамтиды:

1) КЖ/ТҚҚ мақсаттары үшін Компанияның ішкі бақылау рәсімдері, оның ішінде КЖ/ТҚҚ мақсаттары үшін ішкі бақылауды жүзеге асыру кезінде Компанияның құрылымдық бөлімшелерінің өзара іс-қимылының функциялары мен рәсімдері;

2) КЖ/ТҚҚ мақсаттары үшін ішкі бақылауды жүзеге асыру және мәліметтер мен ақпаратты уәкілетті органға беру үшін пайдаланылатын автоматтандырылған ақпараттық жүйелер мен бағдарламалық жасақтама туралы мәліметтер;

3) КЖ/ТҚ тәуекелін басқару бағдарламасы және бағалау әдістемесі;

4) клиенттерді қызмет көрсетуге қабылдау тәртібі (тәуекел факторларын ескере отырып), соның ішінде іскерлік қатынастарды орнатудан және (немесе) операциялар жүргізуден, іскерлік қатынастарды тоқтатудан бас тарту туралы шешім қабылдау рәсімі, негіздері мен мерзімдері;

5) клиенттерді (олардың өкілдерін) және бенефициарлық меншік иелерін тиісінше тексеру және идентификаттау, оның ішінде КЖ/ТҚҚ мақсаттары үшін ішкі бақылау шеңберінде алынған мәліметтерді тіркеу, құжаттар мен ақпаратты сақтау, жүргізу рәсімдері;

6) клиенттердің операцияларын мониторингілеу және зерделеу рәсімдері;

7) уәкілетті органға мәліметтер беру рәсімдері;

8) конфиденциалды ақпараттың сақталуын қамтамасыз ету туралы ережелер;

9) КЖ/ТҚҚ мәселелері бойынша Компания қызметкерлерін оқыту және оқыту бағдарламасы;

10) Компания қызметкерлерін Қағидаларды, ішкі құжаттарды және КЖ/ТҚҚ туралы заңнаманы оларға белгілі болған бұзылғаны туралы хабардар ету тәртібі;

11) Компанияның жоғары басшылығына, Басқармасына және Директорлар кеңесіне ұсынылатын басқарушылық есептілік тізбесі, сондай-ақ Компанияның ішкі аудит бөлімшесінің КЖ/ТҚҚ мақсаттары үшін ішкі бақылаудың тиімділігін бағалау нәтижелері бойынша басқарушылық есептілікті дайындау және ұсыну тәртібі.

10. КЖ/ТҚҚ мақсаттары үшін ішкі бақылауды жүзеге асыруды айқындайтын ішкі құжаттар КЖ/ТҚҚ процестерін жетілдіру, оларды қолданыстағы заңнаманың, ішкі құжаттардың өзгертілген талаптарына сәйкес келтіру және (немесе) Компания қызметінің басқа да өзгерістеріне

байланысты үнемі қайта қаралады.

11. КЖ/ТҚҚ тәуекелін басқару және КЖ/ТҚҚ мақсаттары үшін ішкі бақылауды жүзеге асыру тәртібін регламенттейтін Компанияның ішкі құжаттары Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында және Компанияның ішкі құжаттарында көзделген жағдайларды қоспағанда, үшінші тұлғаларға жария етуге жатпайды.

4-тарау. «Өз клиентіңді біл» саясаты

12. КЖ/ТҚ-ға бағытталған операциялардың (мәмілелердің) алдын алу және анықтау жүйесінің негізгі қағидаттарының бірі клиентті (оның өкілін) және бенефициарлық меншік иесін тиісінше тексеру болып табылады. Компания қызметкерлерінің клиенттер (олардың өкілдері) және бенефициарлық меншік иелері туралы жеткілікті ақпараты олармен өзара іс-қимыл жасаған сәттен бастап және/немесе нақты операция/мәміле кезеңі ішінде болуы тиіс.

13. Компания клиенттерді (олардың өкілдерін) және бенефициарлық меншік иелерін тиісті тексеруді мынадай жағдайларда жүзеге асырады:

1) клиентпен іскерлік қатынас орнату;
2) ақшамен және (немесе) өзге мүлікпен жасалатын операцияларды, оның ішінде күдікті операцияларды, КЖ/ТҚ-ның типологияларына, схемалары мен тәсілдеріне сәйкес келетін сипаттамалары бар операцияларды жүзеге асыру, клиенттің әдеттен тыс операция (мәміле) жасауы;

3) клиент (оның өкілі), бенефициарлық меншік иесі туралы бұрын алынған мәліметтердің дәйектілігіне күмәндануға негіз бар.

14. Клиенттерді (олардың өкілдерін) және бенефициарлық меншік иелерін тиісті тексеру мынадай іс-шараларды іске асыруды қамтиды:

1) жеке тұлғаны, заңды тұлғаны (филиалды, өкілдікті), заңды тұлға құрмай шетелдік құрылымды идентификаттау үшін қажетті мәліметтерді тіркеу;

2) бенефициарлық меншік иесін анықтау және оны идентификаттау үшін қажетті мәліметтерді жазу;

3) іскерлік қатынастардың мақсаты мен сипатын белгілеу;

4) іскерлік қатынастарға тұрақты тексеруді және клиенттер жүзеге асыратын операцияларды зерделеуді жүргізу;

5) клиенттің қаражат көздері және әл-ауқаты туралы мәліметтер алу және тіркеу;

6) клиентті (оның өкілін), бенефициарлық меншік иесін идентификаттау үшін қажетті мәліметтердің дәйектілігін тексеру және клиент (оның өкілі) және бенефициарлық меншік иесі туралы мәліметтерді жаңарту.

15. Клиентті (оның өкілін) және бенефициарлық меншік иесін идентификаттау барысында Компания осындай клиенттің (оның өкілінің) және бенефициарлық меншік иесінің Тізбелерде бар-жоғын тексереді.

16. Клиентті (оның өкілін) идентификаттау және бенефициарлық меншік иесін анықтау барысында Компания мұндай клиенттің (оның өкілінің) және бенефициарлық меншік иесінің мемлекеттік органдардың лауазымды тұлғаларына, олардың жұбайларына (зайыбына) және жақын туыстарына тиесілі екенін тексереді.

17. Компания анонимді шоттарды немесе анық ойдан шығарылған есімдерге шоттарды не ұсынушы шоттарды ашпайды немесе жүргізбейді, сондай-ақ клиенттердің тапсырмасы бойынша мұндай шоттарға аударымдарды жүзеге асырмайды.

18. Компания Тізбеге енгізілген тұлғалармен іскерлерлік қатынастар орнатпайды. Клиент Тізбеге қосылған жағдайда Компания КЖ/ТҚҚ туралы заңда көзделген ақшамен және (немесе) өзге мүлікпен жасалатын операцияларды тоқтатуға шаралар қабылдайды.

19. Компания қалқан-банкпен немесе оның банк шоттарын қалқан-банкке пайдалануға рұқсат беретін банкпен іскерлік қатынас орнатпайды және сақтамайды.

20. Кәсіпкерлік қатынастарды орнатқанға дейін Компания клиентті (оның өкілін) және бенефициарлық меншік иесін идентификаттауды жүргізеді.

21. Компания клиентпен іскерлік қатынас орнатудан/жалғастырудан, ақшамен және (немесе) өзге мүлікпен жасалатын операцияларды Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында және Компанияның ішкі құжаттарында көзделген тәртіппен және жағдайларда жүргізуден бас тартады.

22. Компания арнайы экономикалық шаралардың мәселелерін регламенттейтін Компанияның ІНҚ-ға сәйкес OFAC (US), OFSI (UK), EU, UN және уәкілетті орган жариялаған санкциялар тізіміне енгізілген адамдарға қызмет көрсетпейді және олармен іскерлік қатынас орнатпайды.

5-тарау. Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру (жылыстату), терроризмді қаржыландыру және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыру тәуекелін бағалау

23. Компания заңнамада және Компанияның ішкі құжаттарында көзделген шараларды қолдану жолымен тәуекелге негізделген тәсілді ескере отырып, КЖ/ТҚ рәсімдерін іске асырады.

24. КЖ/ТҚ тәуекелін басқаруды ұйымдастыру мақсатында Компания КЖ/ТҚ тәуекелін басқару (тәуекелдерді бағалау) бағдарламасын әзірледі, ол мыналарды қамтиды, бірақ онымен шектелмейді:

1) Компанияның оның құрылымдық бөлімшелері бөлінісінде КЖ/ТҚ тәуекелін басқаруды ұйымдастыру тәртібі;

2) мыналарға:

клиент тәуекелінің деңгейіне;

Компания қызметтерінің (өнімдерінің) КЖ/ТҚ тәуекеліне ұшырау дәрежесіне қатысты тәуекелдің негізгі санаттарын (клиенттің типі, елдік тәуекел және көрсетілетін қызметтер/өнім тәуекелі бойынша) ескере отырып, КЖ/ТҚ тәуекелін бағалау әдістемесі;

3) алдын алу іс-шараларының тізбесін, оларды жүзеге асыру тәртібі мен мерзімдерін, қабылданған шараларға сәйкес нәтижелерді бақылауды көздейтін клиенттердің тәуекеліне және Компания өнімінің (көрсетілетін қызметтің) КЖ/ТҚ тәуекеліне ұшырау дәрежесін тұрақты мониторинг жүргізу, талдау және бақылау тәртібі;

4) клиенттердің тәуекел деңгейлерін қайта қарау үшін тағайындау тәртібі, мерзімдері мен негіздері.

25. КЖ/ТҚ тәуекелін басқару бағдарламасын іске асыру шеңберінде Компания КЖ/ТҚ тәуекелін басқаруды регламенттейтін Компанияның ішкі құжатына сәйкес тәуекел санаттары мен факторларын ескере отырып, клиенттерді жіктеу бойынша шаралар қабылдайды.

26. Компания клиенттің (клиенттер тобының) тәуекел деңгейін Компанияның клиент (оның өкілі) және бенефициарлық меншік иесі туралы мәліметтер мен ақпаратты талдау нәтижелері бойынша белгілейді және тәуекел деңгейін айқындау шкаласы бойынша бағаланады, ол мынадай үш деңгейден: жоғары, стандартты (қалыпты) және төмен деңгейден тұрады.

27. КЖ/ТҚ тәуекелін бағалау тәртібі Қағидаларда және Компанияның басқа да ішкі құжаттарында айқындалады.

6-тарау. Саясатты іске асыру кезінде Компания қызметкерлерінің жұмысын және жауапкершілігін ұйымдастыру

28. Компанияның ішкі құжаттарында белгіленген тәртіпке сәйкес Компания басшыларының немесе Компанияның басқа да басшыларының ішінен ішкі бақылау қағидаларын іске асыруға және сақтауға жауапты Компанияның тиісті құрылымдық бөлімшесі басшысының

деңгейінен төмен емес адам тағайындалады (бұдан әрі - КЖ/ТҚҚ жөніндегі жауапты қызметкер), ол мынадай біліктілік талаптарына сәйкес келеді:

- 1) жоғары білім;
- 2) Компанияда жұмыс өтілі бір жылдан кем емес не КЖ/ТҚҚ саласында жұмыс өтілі екі жылдан кем емес немесе қаржылық көрсетілетін қызметтерді көрсету және (немесе) реттеу саласында жұмыс өтілі үш жылдан кем емес;
- 3) Бағалы қағаздар рыногы туралы заңға сәйкес мінсіз іскерлік беделінің, кәсібилігін, адалдығын, соттылығының жоқтығын растайтын фактілердің болуы.
29. Жауапты қызметкердің және комплаенс-бақылау бөлімшесінің функциялары мыналарды қамтиды, бірақ олармен шектелмейді:
 - 1) әзірленген және бекітілген Қағидалардың және (немесе) оған өзгерістердің (толықтырулардың) қол жетімділігін қамтамасыз ету, сондай-ақ олардың Компанияда сақталуын мониторингілеу;
 - 2) КЖ/ТҚҚ туралы заңға сәйкес уәкілетті органға есептерді ұсынуды және бақылауды ұйымдастыру;
 - 3) Тізбелердегі анықталған клиенттер туралы және нысаналы қаржылық санкцияларды қолдану бойынша қабылданған шаралар туралы Компанияның Директорлар кеңесін және (немесе) Басқармасын хабардар ету;
 - 4) клиенттердің операцияларын күдікті деп тану туралы шешім қабылдау және КЖ/ТҚҚ туралы заңға сәйкес уәкілетті органға хабарламалар жіберу қажеттілігі;
 - 5) КЖ/ТҚҚ туралы заңда, Қағидаларда және (немесе) Компанияның ішкі құжаттарында көзделген жағдайларда клиенттердің операцияларын тоқтата тұру не орындаудан бас тарту туралы шешімдерді қабылдау немесе жоғарғы басшылықпен келісу;
 - 6) КЖ/ТҚҚ туралы заңда және (немесе) Қағидаларда көзделген жағдайларда және тәртіппен клиенттермен іскерлік қатынастар орнату, жалғастыру не тоқтату туралы шешім қабылдау үшін жоғары басшылыққа сұратулар жіберу;
 - 7) Қағидаларда көзделген тәртіппен Қағидалардың анықталған бұзушылықтары туралы Компанияның Директорлар кеңесі мен Басқармасын хабардар ету;
 - 8) Компанияның Директорлар кеңесіне есептерді дайындау үшін КЖ/ТҚҚ мақсаттары үшін КЖ/ТҚ тәуекелін басқару және ішкі бақылау жүйелерін жетілдіру жөніндегі Қағидаларды және ұсынылатын шараларды іске асыру нәтижелері туралы ақпаратты дайындау және Компанияның Директорлар кеңесімен және (немесе) Басқармасымен келісу;
 - 9) Компанияның КЖ/ТҚ процестеріне қатысу тәуекелін бағалау үшін сандық және сапалық көрсеткіштерді жинауды үйлестіру және сұратылып отырған ақпаратты қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органға жыл сайын есепті жылдан кейінгі жылғы 5 ақпаннан кешіктірмей беру;
 - 10) КЖ/ТҚҚ мақсаттары үшін ішкі бақылау бағдарламаларының іске асырылуын қамтамасыз ету;
 - 11) тәуекелдердің негізгі санаттарын ескере отырып, КЖ/ТҚ тәуекелдерін бағалауды қамтамасыз ету (клиенттің типі, елдің тәуекелі және көрсетілетін қызметтер/өнімдер тәуекелі бойынша);
 - 12) КЖ/ТҚҚ жүйелерінің тиімділігін бақылау және қажет болған жағдайларда бақылауды күшейту;
 - 13) Қағидалардың ішкі стандарттарға және сыртқы реттеуші органдардың талаптарына сәйкестігін қамтамасыз ету;
 - 14) Қағидалардың Компанияның барлық қызметкеріне жіберілуін және олардың сақталуын қамтамасыз ету;
 - 15) Компания бөлімшелерінің қызметкерлеріне тиісті ұсынымдар/түсініктемелер беру (өз құзыреті шегінде);
 - 16) Компанияның барлық қызметкерінің КЖ/ТҚҚ туралы хабардар болуын арттыру және Қағидалардың сақталуын қамтамасыз ету үшін олардың тиісті дайындығын қамтамасыз ету;
 - 17) сыртқы уәкілетті/реттеуші және қадағалау органдарында КЖ/ТҚҚ мәселелері бойынша Компанияның мүдделерін білдіру;

18) КЖ/ТҚҚ саласындағы Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына, Қағидаларға және Компанияның ішкі құжаттарына сәйкес өзге де функцияларды жүзеге асыру.

30. Компанияның қызметкерлері өз өкілеттігі шеңберінде КЖ/ТҚҚ туралы Қазақстан Республикасы заңнамасының, Қағидалардың және Компанияның КЖ/ТҚҚ саласындағы рәсімдерді регламенттейтін басқа да құжаттарының талаптарын сақтайды.

31. Компанияның қызметкерлері Компания саясатының, Қағидалардың және КЖ/ТҚҚ процестерін регламенттейтін басқа да ішкі құжаттарының талаптарын сақтауға міндетті және осы талаптарды орындамағаны және (немесе) тиісінше орындамағаны үшін жауапты болады.

32. Іскерлік қатынастардың орнатылуын және Саясат пен Қағидалардың талаптарына сәйкес қаржылық мониторингке жататын ақшамен және (немесе) өзге де мүлікпен жасалатын операциялардың жүзеге асырылуын регламенттейтін Компанияның ішкі және өзге де құжаттарында ішкі бақылау бағдарламаларын көрсетпегені үшін Компанияның құрылымдық бөлімшелерінің басшылары жауапты болады.

33. Компанияның қызметкерлері Компанияның ішкі құжаттарына сәйкес компаленс-бақылау бөлімшесіне өз функцияларын жүзеге асыруына көмек көрсетуге, оның ішінде Клиенттерді идентификаттауды, күдікті операцияларды анықтауды, сондай-ақ оларға Компания клиентінің ықтимал тартылуы немесе КЖ/ТҚ-да жүргізіліп жатқан операцияның белгілі болған фактісін хабарлауға міндетті.

34. Міндеттеріне клиенттерге қызмет көрсету кіретін Компанияның қызметкерлері онымен іскерлік қатынастардың барлық кезеңі ішінде клиенттің қызметіне үздік мониторингті жүргізуге міндетті. Ұсынылатын қызметке қатысты елеулі айырмашылықтар анықталған жағдайда, осы мониторингтің нәтижелері компаленс-бақылау бөлімшесіне жіберілуі тиіс.

35. Компанияның қызметкерлеріне:

1) клиенттерді ақшамен және (немесе) өзге мүлікпен жасалатын операцияларды тоқтату бойынша қабылданған шаралар туралы, іскерлік қатынастарды орнатудан және тоқтатудан бас тарту туралы хабардар етуді қоспағанда, клиенттерге және басқа да тұлғаларға қатысты КЖ/ТҚҚ бойынша қабылданған шаралар туралы, сондай-ақ ақшамен және (немесе) өзге мүлікпен жасалатын операцияларды жүргізуден бас тарту туралы клиенттерді және басқа да тұлғаларды хабардар етуге;

2) КЖ/ТҚҚ мақсаттары үшін Компанияда ішкі бақылауды ұйымдастыру ерекшеліктері туралы клиенттерді және басқа тұлғаларды хабардар етуге;

3) клиенттерге немесе басқа тұлғаларға қаржылық мониторинг пен тиісті тексеру рәсімдерін жүргізуден жалтаруға тікелей немесе жанама көмек көрсетуге тыйым салынады.

36. Қызметкерлердің КЖ/ТҚҚ туралы заңды, Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін және Компанияның КЖ/ТҚҚ саласындағы ішкі құжаттарын бұзғаны туралы білген Компанияның қызметкерлері бұл туралы электрондық пошта немесе Компанияда қабылданған өзге де байланыс құралдары арқылы компаленс-бақылау бөлімшесіне тезарада хабарлауға міндетті.

37. Компания қызметінің осы Саясатқа сәйкестігін бақылауды компаленс-бақылау бөлімшесі жүзеге асырады.

38. Құрылымдық бөлімшелердің басшылары Саясатта және КЖ/ТҚҚ саласындағы рәсімдерді регламенттейтін Компанияның ішкі құжаттарында айқындалған құрылымдық бөлімшенің міндеттері мен функцияларының уақтылы, толық және сапалы орындалуына жауапты болады.

7-тарау. Қорытынды ереже

39. Саясатта тікелей реттелмеген барлық жағдайда КЖ/ТҚҚ туралы Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының нормалары мен талаптарын, Қағидаларды және Компанияның КЖ/ТҚҚ бойынша басқа да ішкі құжаттарын басшылыққа алу қажет.

40. Қазақстан Республикасының КЖ/ТҚҚ мәселелері бойынша заңнамасына енгізілген кез келген өзгерістер, толықтырулар оның меншік иесінің осы Саясатқа өзгерістер, толықтырулар енгізуіне алып келеді.

Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға), терроризмді қаржыландыруға және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жасау жөніндегі саясат

41. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасына өзгерістер енгізу нәтижесінде Саясаттың кейбір тармақтары (нормалары) заңнамаға қайшы келсе, онда бұл тармақтар (нормалар) күшін жоғалтады және Саясатқа тиісті өзгерістер енгізілетін сәтке дейін Компания Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын басшылыққа алады.